

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Нұсқау: Оқу сауаттылығы бойынша 3 мәтін және олардың мазмұны бойынша құрастырылған бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі.

1-мәтін

Тойға немесе асқа қымыз әкелген сабаны біржолата сарқып босатпайды, түбінде міндетті түрде бір ожау болса да қымыз қалуы керек. Жерге төгілген ақты (сүт, айран) басуға болмайды. Сүт төгілген жерге тұз себеді. Іркітті ашық далада піспейді, құты кетіп қалады. Сауылған сүттің бетін ашып қоюға болмайды. Беті ашық қалса, шаң-тозаң немесе улы жәндіктер түсіп кетіп, сүтті бүлдіреді. Сүтті үрлеп ішпейді, майлылығы азаяды. Сүттен жасалған тағамдарды жерге түкіріп тастауға болмайды. Сүт тағамдарын жерге түкіріп тастау күнә болып саналады. Сүт сауатын шелекті су басына апармайды, құты кетіп қалады. Ақтың жуындысын адам жүретін жерге төгуге болмайды. Малдың бірінші сауымынан алынған майды асқа қолданбайды. Онымен босағаны, табалдырықтың жоғарғы бөлігін майлайды.

1. Мәтіндегі сабаға қатысты тағам түрі

- A) айран
- B) қымыз
- C) май
- D) сүт

2. Сүт сауатын шелекті су басына апармау ырымының мәні

- A) майлылығы азаяды
- B) сүтті бүлдіреді
- C) құты кетіп қалады
- D) улы жәндіктер түседі

2-мәтін

Үйге келген қонақ ілулі тұрған кимешектің үлгісіне қарап-ақ, отбасындағы әйелдердің жас мөлшері, талғамы мен дәрежесінен хабардар болған. Демек, кимешек әрі төлқұжат, әрі мінездеме рөлін атқарған.

«Кимешек – пайғамбардың ноктасы» деген де сөз бар. Бұл жерде «ноқта» сөзі тура мағынасында емес, бейнелі мағынада: тыйым, тәртіп, белгілі бір өлшем деген түсінікті білдіреді. Кимешектің өзге мұсылман әйелдер бас киімінен ерекшелігі – тек басты жабатын бүркеншектігі ғана емес, салтанатты да сәнді әшекейі мен әдемі пішіні. Кимешек әр аймақтың тұрмыс қажеттігінен туындағанын, ортақ өндірістік қатынастардың болмағанын ескерсек, сырт көзге ғана бөлек болып көрінеді. Ал, жақынырақ танысып, бізге жеткен пішім үлгілерін сараласақ, негізгі басты ұстанымы ортақ. Яғни мәні сақталады, сәні уақыт үрдісіне, жеке ісмердің шеберлік деңгейіне, ой-қиялы мен өресіне сай өзгереді. Алайда ортақ қағидасы бұзылмады. Әр өңір өзінше әртүрлі қолданды. Біреу ойығын ойып, біреу жиегін жиып, біреу өңірін сырып киді. Бәрі пайдасын біліп киді.

3. Жеке ісмер өзгерте алады

- A) Мәнін
- B) Матасын
- C) Сәнін
- D) Атауын

4. Кимешектің ерекшелігі туралы мәтінде айтылған ойға сәйкес келетін мақал

- A) Ағаш көркі – жапырақ,
Адам көркі – шүберек.
- B) Кісінің кісілігі
Киімінде емес, білімінде.
- C) Кеңесті хан азбайды,
Кең киім тозбайды.
- D) Анадан өнеге көрмеген қыз жаман,
Атадан тағылым алмаған ұл жаман

5. Қонақ отбасындағы әйелдің жас мөлшерінен хабардар болған

- A) Әшекейі арқылы
- B) Ісмерлігі арқылы
- C) Кимешегі арқылы
- D) Кісі күтуі арқылы

3-мәтін

Сабыр түбі – сары алтын

Бір патшаның ғажайып бағы болыпты. Бақта небір әдемі гүлдер мен ғажап ағаштар өсіпті. Патша ғажайып бақты баптау үшін бағбандарды алдыртыпты. Бағбандарға: «Егер кімде-кім ең әдемі гүл өсіретін болса, соған теңдесі жоқ сыйлық берем», – депті. Сөйтіп, әрбір бағбанға жер телімін беріпті. Осылайша бағбандар іске кірісіпті.

Бірінші бағбан райхангүлдің бүр жарғанын көре сала қуаныштан жүрегі жарыла жаздапты. Ол райхангүл тезірек ашылсын деген оймен гүл күлтелерін қолымен ашып тастапты. Бағбанның асыққаны соншалық – райхангүлі жұлынып, жұмаланып, солып қалыпты. Бағбан басқа гүлдерге де осындай әрекет жасапты. Ақырында асығыстықтың салдарынан барлық райхангүлі өспестен солып қалыпты. Сонда барып бағбан өз ісіне әбден өкініпті.

Екінші бағбан гүлдерін шыны құтыда өсірмекші болыпты. Ол гүлдерді аса ұқыптылықпен күтіп баптады. Біресе құтыдағы суды ысытады, біресе суытады. Күні бойы құтының қақпағын бір сәтке ғана ашады. Біраз күндер өткенде гүл бүрін жарады. Гүлдің өскеніне көзі жеткен бағбан құтының қақпағын ашады. Әдемі гүлді дірілдеген нәзік сабағы әрең ұстап тұрады. Гүл сабағының нәзіктігі соншалық – сәл ғана соққан желге шыдай алмай, үзіліп түсіп қалады.

Үшінші бағбан гүлдің бүр жара бастағанын көре сала шыдай алмастан, оны үзіп алып, «Қарандаршы, мен ең әдемі гүл өсірдім!» – деп айқайлап, патша сарайына қарай жүгіре жөнеледі. Сарайға жеткенше гүлі солып қалады.

Гүл өсіру үшін ең бастысы – уақыт және жылылық қажет екенін білген бір ғана бағбан ешқайда асықпады. Сондықтан ол гүл өскіндерін аялап бақты, суарды, желден қорғады және оның гүлдеуін шыдамдылықпен күтті.

Осылайша бағбан аңқыған хош иісті әсем гүл бағын өсірді.

Патша оған риза болып, осындай ғажайып гүл бағын өсірудің сыры неде екенін сұрайды. Сонда бағбан оның сыры сабырлылықта екенін айтады.

Осылайша сабырлылықтың арқасында ол бағбан патшаның сыйлығына ие болыпты.

6. Хош иісті гүл бағын өсірудің сыры

- A) Ұқыптылық
- B) Еңбекқорлық
- C) Ақылдылық
- D) Сабырлылық

7. Төртінші бағбанның ойынша гүл өсіру үшін қажет ең басты нәрсе

- A) Уақыт және жылылық
- B) Су мен топырақ
- C) Топырақ пен күннің көзі
- D) Уақыт пен көлеңке

8. Бірінші және үшінші бағбанның іс-әрекетіндегі кемшілік

- A) Ұқыпсыздық
- B) Асығыстық
- C) Жігерсіздік
- D) Шалағайлық

9. Патшаның бағбандарға бергені

- A) Райхангүл
- B) Жер телімі
- C) Сыйлық
- D) Гүл тұқымы

10. Мәтін оқиғасына қатысатын бағбандардың саны

- A) 4
- B) 3
- C) 6
- D) 2

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНАН СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ